



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ОҚУ-АФАРТУ МИНИСТРЛІГІ



МЕКТЕПТІҢ ІШКІ ТӘРТІП  
ЕРЕЖЕЛЕРІН  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
ҚАҒИДАЛАРЫ

# **ҮЛГЕРІМ – ТӘРТІП – МЕКТЕП ФОРМАСЫ**

**ТӘРТІП ПЕН БІРКЕЛКІ МЕКТЕП ФОРМАСЫ ОҚУ  
ОРТАСЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫНА ҮКПАЛ ЕТЕДІ ЖӘНЕ  
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АРТТЫРАДЫ**

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- ішкі тәртіп **ережелерін**, білім беру үйіміның **Жарғысын** сақтау;
- басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мұдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілерге көмектесу;
- тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;
- физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу.



### **САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ:**

- сабаққа кешікпеу;
- кезекші әкімшінің, сынып жетекшісінің немесе мейірбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;
- үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау.

### **ОҚУДА:**

- оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау, оқу орнында тәртіп сақтау;
- дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау.

### **МҰЛІККЕ ҚАТЫНАСЫ:**

- мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл жеке-лектерге ұқыпты қарау.



## **ІШКІ ТӘРТІП БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА:**

- 1) тәртіп бұзушылық фактісі мектеп әкімшілігімен қаралады**
- 2) тәртіп бұзушылар мектепішілік есепке (БЖТ) алынады**
- 3) тәртіп бұзушылық кайталанған жағдайда білім алушылар Педагогикалық Кеңесте қаралады**
- 4) қасақана тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда іс кемелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жіберіледі**

# МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. ҚР «Білім туралы» Заңының 49- бабы 2-тармағына сәйкес **АТА-АНАЛАР** мен өзге де занды өкілдер:
  - білім беру үйымының жарғысында айқындалған ережелерді;
  - білім беру саласындағы уәкілетті орган **белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды орындауға**;
  - білім беру үйымында белгіленген **киім нысанын сақтауға**;
  - балалардың оқу орнындағы сабакқа қатысусын қамтама-сыз етуге міндетті.
2. ҚР «**Білім туралы**» Заңының 47-бабының 15-1-тармағына сәкес орта білім беру үйымдарында **ОҚУШЫЛАР** білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.
3. Міндettі мектеп формасына қойылатын талаптар, ата-аналар мен оқушылардың міндеттері мектеп **Жарғысында**, сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету туралы **келісімдерде** әрбір оқушының ата-аналары мен занды өкілдері қол қойған ішкі тәртіп Ережелерінде бекітілген.
4. Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 409-бабының 2-тармағына сәйкес **ата-аналар немесе өзге де занды өкілдеріне** білім беру саласындағы **занна-ма нормаларын сақтамаған жағдайда ескерту немесе айыппұл салынады**. Ишкі тәртіп ережелерінің талаптарын орындағаны үшін мектеп әкімшілігі тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

## БІЛІМ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
2007 ЖЫЛҒЫ 27 ШІЛДЕДЕГІ ЗАҢЫ

5 БАП  
39  
тармақы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-баптың 39-тармағына сәйкес орта білім беру үйімдары үшін **міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.**

№26  
Бүйрүк

Орта білім беру үйімдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қанчардағы № 26 бүйрүгімен бекітілген.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАНЧАРДАҒЫ 26 БҮЙРҮГІ

5  
тармақ

6  
тармақ

7  
тармақ

13  
тармақ

Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі

Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі

Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спортық болып белінеді

Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты қиім элементтерін қосуға болмайды



## ҰЛДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ



- пиджак,
- жилет,
- шалбар\*,
- мерекелік жейде,
- күнделікті жейде,
- не түймелері бар немесе сыйырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска
- **Қысқы мезгілде:** трикотажды жилет, водолазка.



\* ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады

## ҚЫЗДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ



- пиджак,
- жилет,
- юбка,
- шалбар\*,
- классикалық жейде
- не түймелері бар немесе сыйырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска.
- **Қысқы уақытта:** трикотажды жилет, сарафан, водолазка.



\* қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады





